



Республикалық әдеби-қорғау және ағартушылық журналы



Табыл ҚҰЛЫЯС,
сатирик-жазушы

ҚАҒАЗ ҚАЙЫҚ

Құйындатып, шаңытып өтіп кеткен күндердің елесін қуғандай Тазшаның ой-санасында талай жылдардың дерегі сайрап тұр, көкірегінде мені айт, мені ұрпаққа жеткіз деп жайнап тұр. Көзден ғайып дегеннің өзі қиялын баурап қайта орала береді. Тірліктегі жақсылықтың да, түрлі жамандықтың да өзіндік оқиғасымен қажетке жарайтыны жетіп жатады. Әсіресе, азабы көп тағдырларды бүгінгіге баян ғып айтып, сыр ғып жеткізсе адамның қай кезеңде де тілегі, арманы таусылмайтынын біреу түсінер, екіншілері о заман бөлек қой деп түнеріп үмітсіздіктің көлеңкесін қуғандай шала бүлініп, ұйқысырағандай алданар. Әйтседе, Тазша сөз түсінбейтіндерге аяушылықпен қарап ойсыздықтың тұтқынысың-ау деп іштен тынады. Мұны айтып отырғаны ауылдағы әрі туысы, әрі құрдасы Шығырбайдың тірлігінің қымбаттысын жоғалтып жақсылық пен жамандық шайқасында жеңіліс тауып өмірінің орта кезеңі шатқалаңға тап болып жүдеуін көруі еді. Көңілі жарым болып тұрғаны батылдығынан айырған. Құпия қайғының себебін түсінбеуі еді. Таңдайға тартып отырған жалғыз сиыры іш тастады, ақсыз қалды. Кімнің үйінен тостағанмен сүт сұрайды. Жалғыз қойының күйі түспегесін қошқар қарамады. О да қысыр. Биесінің құлынын қасқыр жеп кетті. Кім бар, кім жоқ, кімнен көмек сұрайды. Үкіметтің аш та қылмай, тоқ та қылмай, жан басына беретін литрлеген сүті жұмырларына баяғыда жұқ болмаған-ды. Бірақ қайраты бар, жұмысты опырып істеп, еңбегіне ай сайын бір шелек азық алып жүрген-ді. Онда жұрттың бәрі жоқшылықта, жұрттың бәрі өліп-өшіп ортаға еңбек етті. Қанды жас толған көз, күстенген алақан, жоқтықпен арып-ашып жүдеген кезге лағнат айтып кеңшардың малы жайлауға сыймай, табысы көлгөсір болғанда шала байығандай жұрт қуанып еді. Ұры жоқ, сұм-сұрқия жоқ, халық ұйқы мен күлкісі жарасып жарылқаған жақсылықты

сезіне бастады. Оу, одан бұрын қаһарлы бір кара дауыл бұлт аспанды торлап, біраздан кейін далада жүрген қойдың жүні түсіп қаңбақтай домалады, ойын балаларының шашы түсіп қалды, түнде мұрындарынан қан кетіп бес-алты бала о дүниелік болды. «Ақырзаман келіп қалды» деп жұрт жағасын ұстады. Шығырбай ескі кілемнің түгін сипап тұнжырап отырғанда, қолына құр ожауын ұстаған шыт көйлегінің кең етегін белтартқышына бүктеген, бетінің тарғақтың тарғыл жұмыртқасындай шұбары бар әйелі:

– Аспаннан біреулер от жалын көріпті. Кең дүниені өртеп кеткендей екен. Мал өліп жатыр, адамдардың басы айналып құлап қалған көрінеді. Көрші елден келгендер құйынға тұншықтық, бет келбетіміз өзгерді, деп ақырзаманды айтып жатыр. Қызылқорғаннан келгендердің сөзі бір зауалға кезіккенін айтса, шындық шығар. Зәрем ұшты...

– Е, айта береді тағы. Басқа түскенді көрерміз, тыртысып, тырмысып тірлік етерміз. Бәрінен бұрын малымыз тұяқ төлімен көбеймей көзімізге көк шыбын үймелетер болды. Оқудағы Дөкенге азық, түлік таба алмауға қалдық, – деп Шығырбай бір айналдырғанды шыр айналдыратынына тынысы тарылғандай еді. Қайғы-мұңсыз күніміз болар ма екен? Көз жасымыз қашан кебеді, деп үнсіз отыруын жалғастырды. Осы кезде әйелі асы жоқ кара қазанды тазартып жатып:

– Қырсық бар, пенденің тірі жүргенін көре алмайтын өштік бар. Көпті тілеп отырған жоқпыз, күндігімізге жарымадық...

Шығырбай әйеліне қарап құр жымыды да, өтірік күлген болып, Тазшаның бір өлеңін оқып жан дүниесін серпілтіккісі келді.

«Тар жерде тамақ жегенше,
Кең жерде таяқ же».

Үрейден ығысып жүрдік,
Құлдық мінез басқа теуіп.

Ебін тапқан жұғысып жүрді,



Бас пайдасына аңқа кеуіп,
 Жағымпазға таяқ өтпеді,
 Кеңшілікке қолы жетпеді.
 Сүтке тиген күшіктей,

Көпшіліктен шеттеді, – деп Алланың берген сыйы ойын төгілдіріп тірліктің құбылған себебіне басың ауырмасын деуші еді. Тағдырдың тас сокқысына да мүжілмеуді айтатыны жан азабынан құтқаратындай көруші едім. Тосын ажалдан сақтасын, тыныштықта бір реті болар, – деп сілкініп сыртқа шықпақшы болды. Ескі күпісінің жеңін сұғынып кие бергенде Тазша кіріп келді. Аман-саулықтан кейін күнәдан пәк жүрегiнің үнін, көкейдегі арманын айта бастады.

– Көрген рахатымыз көп пе, бейнетіміз көп пе?

– Екеуі де тең шығар. Тазша алыстан аңғарымың молдау еді.

– Бар жақсымыз кеткенінен оралмай жатыр. Ықтауды білетін көпшілік пана таппай қалмасақ, – деді де: «Өткен кезең, о да бір ағып жатқан өзен, сұрапыл қырғын мен үрейдің ізін ажал топыраққа жасырды. Қиямет құпиясын жарқыратып аша қалса, ащы азаптың сыры ақтарылар еді. Оныңыз катерлі, мерт боласың. Бейқам көңілмен сорлағаның сорлаған, мұң-шерімді айтам деп кім бар сені зорлаған. Жалғыз сен бе, жұрттың кара шаңырағын солқылдатқан қайғы, уайымы, төзгісіз қорлықтан көз аштырмаған ауыр тұсы аштан қырылғандармен бірге топырақпен көмілді. Тыныштық олжаң, малыңның қысыр қалғанына несіне өкінесің. Шығар күннің ашық аспанда таза нұры болуына қуан.

– Аспан таза болмай тұр ғой, «Нарын» құмы жақтан бұлт өртеніп шығып мал мен жанға қауіп келтірді деседі.

– Дозақ азабынан құтқарудың аспандағы күресі шығар. «Жолдастар, коммунизм жұмысшы табының өмірі мен күресін терең мазмұнымен байытты, молықтырды, деп Советтердің Бүкіл россиялық ХҮІІІ съезінде 1937 қаңтарында М.И.Калинин айтқан екен. Ленин өзінің: «Коммунизм дегеніміз – Совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру» деген қағидасы бар. Сондықтан бұлтты өртеп тегін электр қуатын өнірудің айналасы болар. Егер 1922 жылы бұлт қысырамағанда, Отан қамбасындағы астықты шет елге сатпағанда, осы жылдың I қаңтарына қарай елде ашыққандар он бес миллионнан аспас еді. «Тұтас деревнялардың қырылып қалғаны жайлы елдің барлық түпкір-түпкірінен хабарлар түсіп жатты, – деп жазады. (Калинин. «Тамаша адамдар өмірі» кітабы, 169 б). Осы кітапта 1921 жылдың күзіне қарай жиырма миллионнан аса адам аштыққа ұрынғанын мысалға келтіреді. Демек, тарихтағы жазықсыз аштан өлгендерді бірден жұмаққа жіберу мақсатында қаскүнемдердің сүйегі жер бетінде қалмасын деп өртеп жатқаны шығар. Коммунизм құрушылардың

ештенеге көңілі көншімей, неменеге аласұрған құпиясын біліп қайтеміз. Бір нәрсе аян, аштық қырғынынан аман қалғандарды коммунизмнің қағаз қайығына мінгізіп ұлы теңізде есіп бара жатты, – деп Тазша өлуге де ерлік керек дегенді және қыстыра салды. Сәл ойланды да: «Калинин елдерді аралаған бір сапарында Бергенбай деген егіншіге есімі жазылған трактор сыйлайды. Жүрегінде қуаныш оты маздап тұрып ағамыз:

Калинин берген трактор,
 Өркендеуге жарап тұр
 Су жаңа екен өзі де,
 Сенбей тұрмын көзіме.
 Калинин берген трактор,
 Балаларым да қуанып,
 Тетігін шұқып қарап тұр
 Дән теңізі болар деп,
 Егінжайлы алқап тұр
 Тірілтердей өлгенді,

Егіншілер байқап тұр, – деп әндеткенін қызы Сәуле жатқа айтушы еді. Мәскеу көсемдерінің ел арасына шығап кездесулері үлкен үмітке жетелеп, адамын жоғалтқандарды жұбатқандай болушы еді. Пенденің көзінің ұшындағы, сағым сыртындағысы да қолға ұстағандай байқалушы еді. Коммунизмді түсіне алмай миы катушыларда бір жақсылықты сағына күткендей сезініп жүрді. Тірілер қызық, балаша сәл нәрсеге қуанып, мұң-шерін ұмытып сағатында бойын жиып қайраттана қалады...

– Күлкім келіп тұрғаны, бұлт қып-қызыл боп жанды-ау, қайырсыз бұлт... – деді Шығырбай аяққа киетін шарығын қолына ұстап тұрып: «Күлкім келеді...

– Қайырсыздықты көріп болғасын қалай күлер едің, – деп Тазша:

«Соң күлген – оң күледі» деген бар.
 Ішегі түйілгенше күліп,
 Ажалды да жеңген бар.
 Күлкіге жарымай,
 Зұлымдықпен өлген бар.
 Күлкінің түбі қайыр деп,
 Коммунизмге сенген бар.
 Демігіп демі жетпесе де,

Қиянатқа көнген бар, – деді де сол өртенген бұлттан жер бетіндегі ауада күйік иісі өкпені қапқаннан аузынан ақ көбік ақтарылып, мұрынынан қан кетіп өлгендерді көзімен көрсе де қорқыныш, үрей себебін кім ашып айтар дейсің. Қалың қайғы ғасырларға өкшелеп қуып кете береді. (Олай емей немене, жойқын қаруларды сынағанның зардабы жиырма төрт мың ерлерді қызтеке, белсіз етті, он мыңнан астам ұрпақ әртүрлі ақаумен дүниеге келіп мүгедек атанып отыр. Коммунизмнің қағаз қайығы қырылған халықтың қарғысын көтере алмай теңіз түбіне кетті.Т.Қ.)



Ертеректегі Шығырбай шарығымен сөйлескендей, соған мұңын шаққандай, жүзінен жанын шошығандай ренсіз суреті жұрт есін жия бастағанда да ұмытыла қойған жоқ еді. Бірақ сол сәттерінде оның бір қайғысы екіншісіне, үшіншісіне толып жатқан өкінішке ұласып көкірегі күптіліктен арылмасын білген жоқ еді. Көп балалы боламыз деген үмітті әйелі бір перзенттен кейін пышақ кескендей тоқтап қалды. Тас бедеу әйелдер жанын қанша азаптаса да тілегі үзіліп жатты. Ауыл, елде көкірегін қарс айырған зарлы үн талайдың ішіндегі шерін тілсіз табиғатқа баяндап жатты.

Адам қуанышынан айырылды, бақытсыздыққа кім жауапты? Талқылауға жатпайды, шындығы айтылмайды. Пенде саясаттың құлы шығар деумен тынады. Рас, қырғынды да, соғысты да, бүлдіруді де саясат бастаса, оның игілігін сұм-сұрқия көреді. Жанынан түнілетін үрейлі әлсіздер – дәрменсіз. Олай дейін десе Кенес өкіметін орнатушы көсемдердің бірі Я.М.Свердловтың: «Біз өзімізге халық берген өкімет билігін қара бастың қамы үшін, содан пайда көру үшін иеленген жоқпыз, біз жеке басымыздың мүддесі туралы ойлаған да емеспіз... егер біздің арамыздан қандай да болмасын бір адам шалқып өмір сүруге тырысса, біз ондайларға қарсы батыл да табанды күрес жүргіздік. Біз бәріне де өзіміздің жеке өмірімізге, жеке тәртібімізге қатысты жайларға өте сын көзбен қарайтын едік», – дегені аштан өліп жатқандардың да көкейінде кетті.

– Саясатқа сенді, барынан айырылды, сұм-сұрқия талап алды, жұрт ажалды күтіп алды. Күрсінген шығар, үн шығарған жоқ бірақ. Өл десең өле қоятын, тірі жүр десең жүре қоятын, үмітінді үз десең үзе қоямын, тек қара мылтығыңды кезенбе, – деп ауыл, елдің өзінде өсіп-өнген зәлімдердің жаны ашымады. Көсемдердің сөзін тыңдаған жоқ, – деп Шығарбай әке, шешесі, туыс, туғандарының аштық зұлматында өмірінің отын еріксіз өшіргенін білсе де үнсіз-тілсіз, қайғы зарын айтуға қорқады. Сол қиындықтардан аман шыққанына шүкіршілік етсе де кең байтақ далада түнерген түнек түн, аспан да, жер де тірлік біткен қуарып, қалтырап сүренсіздікке түскенінен жүрегі шайлығыады. Табиғаттың ажары бүлінгелі тірлік елеске айналды Шығырбайдың арманы да, үміті де жалғыз ұлының Алматыдағы медициналық институтын бітіріп ажалға араша болса деу ғана. «Нарын» құмынында жойқын қару сыналып жатқанынан сыбыр-күбір арқылы естиді, содан болар нетүрлі жәндік зым-зия, нетүрлі құстар зым-зия, кең дала қайғылы. Жайқалып тұратын дала шөбі де қуарып барады. Табиғаттың осыншалық бүлінуі мәңгі зары екенін кім дәлелдеп айтар дейсін. Тостағандай «Қаракөл» кеңшерінің өзінде күн сайын деседе болады, адам өлімі. Тірі жүргендері де бір сұлде, ойын да тұтықпай айта алмайды.

Күні кешегідей дүниежүзілік екінші соғысқа Ойыл ауданынан аттанған ерлердің бірде-бірі жараксыз, ауру, сырқау делінген жоқ еді. Тұлғалы десең тұлғалы, айбарлы десең айбарлы, тасқан күші жүзінен тұтанып тұратын-ды. Енді міне, «Нарын» жақтан соққан құйын өңірді жұрдай етіп жұлқылап жатыр. Адамдардың тыныштығын, өмір сүруін көпсінді ме? Ондай сұрақ айтылмайды.

Жә, сонымен Шығарбайдың жалғыз ұлы Дөкен ажал күткен елден үміт үзіп, студенттік қаржысымен медициналық институтты бітірді. Білімді қауымның да заманына сәйкес қызықтайтын тірлігі, думан өмірі болмай ма? Дөкеннің де көзі түсіп, көңілі кетіп, тіпті талай қаржылай көмек алып жүрген Қызғалдақ қызға бойын үйреткісі келеді. Бірақ жанына жақындап құшақтаса басқадай зауқы жоқ, ерлік сезімі сөнгендей әсерін байқайды. Рас, аудан басшысының қызы, тәртіп, тәрбиесінде қылтын-сылтыны жоқ, ешкімге о да жұғысқысы келмейді. Махаббат дегенге зауқы шаппайды. Күнәдан пәк, адал жан боп Дөкен мен Қызғалдақ өздерінің туған жерлеріне ақ халатты дәрігер болып оралды. Ойылға бұл кезде дәрігерлер легі келе бастаған-ды. Әбдіғалы Аралов Орынбордан бітіріп келді, оташы. Сол кезде адамдарда соқыр ішек деген ауру түрі де өршіп тұр еді, Качаленко дегенмен бірге Аралов күн, түн қатып қызмет етті. Ал таз балалардың ауруханасы мен емханасындағы жас өспірімдердің өмірін сақтауда балалар дәрігері Ларина ерекше қызмет етті. Ауру түрін, өлімді дәрігерлер жасырып, қара сандықта сақтайтын тәртіп бар. Ауданда сиыр екі басты бұзау туса айтылмайды, көзі, қолы жоқ, ми қауашағы бос бала дүниеге келсе тез жойылып, есепке алынбайды. Саясат қылмысы жоғарыдан арнаулы бұйырықпен қағаз қайыққа тіркеліп, қара сандықта құрып кетеді.

Сонымен біздің басты кейіпкеріміздің бірі Дөкен әйелдерді босандырудағы түрлі қылмысты тәртіп бойынша бүркеп, тісінен шығармайды. Сөйтіп, жүргенде әкесі Шығарбай мұрнынан қан кетіп ұйқыдан оянбай о дүниелік болды, оның алдында анасы рақтан дүние салды. Қысыр қалған малдары да өліктің шаруасына жұмсалды. Әкесі армандап: «Ұлым үйленбедің-ау, немере сүйе алам ба? – деп қажып, мүжіліп қақсаумен өмірден өтті. Ал Дөкеннің қиялында махаббат сезімі бірте-бірте өшіп кеткендей еді. Кейде өзі неден жазалы болдык. Сезім, махаббат қайда, неден безіндім. Кейде түсінде қаныраған қараңғы қуыста ажал үрейі сак-сак күлгендей шошып оянады. Жанның ащы азабы тым түсініксіз. Дәрігерлерге денсаулығын айтуға арланады, қорланады. Өзінің жан азабы, өзінің қайғысымен өзі ғана арпалысады. Құшақтағысы келеді бір сұлуды, бірақ дәрменсіз селт етпейді сезім. Ұрпақ жолында табиғатта да арпалыс, жәндік дейсін бе, жануар дейсін бе, бәрі де мылқау болса да миын да, тірлік



сезімін де, тіпті өзін де өлімге арнайды. Жастығы өтіп жатыр рәсуә болып, обалы ажал арқалаған химиялық коспалы бұлттарға. Қайғы бұлты талайды тұншықтырды. Оның шерге толы жүрегі пендені аяушылық сезімінен де айыра бастады. Түнерген тіршілігінің өшін өзгеден іздеді. Жаны да, жүзі де суи түсіп кураған курайдай болашағынан әбден түнілді. Махаббат деген сөз көкірегінде қайғы болып орнады. Кейде бір бөлмелі үйде жалғыз жатып ұйқыға кетер алдында Шәкәрімнің бір шумак өлеңін есіне түсіреді:

«Ыза керсе бойыңды,
Ойлантпайды ойыңды.

Басқызып алсаң, пайда жоқ,

Батпаннан ауыр шойынды» – деп азапқа азап қосып тірі өртендім өмірде деген жан күйігін кім түсінер. Оның өлі сезіміне дару болар ем табылмайды. Ендігі жан құмарлығы ақша ғана. Оныңыз пішен сияқты, жетіп жатыр. Әке, шешесінің кесенесін тұрғызды, перзенттік бітірген бір шаруасы сол. Өзі өлсе кім жоқтайды, кім басын қарайтады. Қасында дос, жолдастары да қалмаған-ды. Кейде қараңғы түн қатерлі болғандай көзін ілмей шығады. Сонда да таң атысымен қайғылы жалғыз мен бе? Белсіз еркектер толып жүр, өмірден баз кешіп жатқан жоқ деп өзін-өзі жұбатады... Батыс өңірінде талай-талай мұң қалды. «Азғырдағы» әскери сынақ алаңы ресей жақтан жел болса, ығындағы қазақ жеріне қарай көшетін бұлттарға ілестіріп түрлі жоқын қаруларды сынау қулығын қанша жария болса да қалың қасіретімен ешкім санаспайды. Бірде Дөкен емханада жүрген танысы Тазшамен кездесіп қалды.

Аман-саулықтан кейін, тіршілік біреуге өгей, біреуге қуыс, сұм тағдыр біреуді алақанына салып әлпештейді, кейбірінің маңдайын тасқа соғады, деп Тазша толғанып отырды да:

Жүгіреміз пайдаға,

Сан жетпейді айлаға,

Қас қағымдық тірлікте,

Өлерінді ойламай, – дегенді жыбырлап жүргендер түсінер деймісің. Басқаны ойламасаң да ұлтыңды ойла шырағым.

– Қызмет істеп жүрміз, – деп Дөкен кібірткітеп қалғаны бала-шағаң қалай? деп сұрап қаламасынды ойлап кабинетіне кете барды. Адамға ұрпақ жоғы қандай ауыр қайғы.

Осы кезде немересін дәргерге қаратып жүрген Қымыр ашық жүзбен Тазшаға амандасып:

– Даланың емдік шөп түрлерін орып жейтініміз бар еді, бір жеріңіз ауырды ма? – деп әзілдеді.

– Менің теңім ауру емес, дәрігерлер адамды ақша алып емдейді дегесін өз құлағыммен естіп, қызмет түрін көзіммен көрейін деп жүргенім, – деді де сөз тыңдайтын әдетін бар еді, Қожанасыр көкемнің бір әңгімесін айтайын.

– Айтыңыз, құлағым өзінде.

– Содан ерігіп, зеріккен бір патша әпендіні шақырып алып:

– Алдында ақыл мен ақша тұрса, қайсысын алар едің? – дейді. Қожанасыр көкем бірден:

– Ақшаны аламын.

Патша бұған мәз болып күледі.

– Ақымақ-ау, ақыл болса, ақша қайда қашады? Мен ақылды алар едім, – дейді.

Әпенді:

– Таксыр, әркім керегін алады ғой, – дейді. – Ақыл менің өзімде де бар. Ал, ақшам жоқ... Ақшам болса кейбір зұлымдармен күресуге пайдаланар едім, – депті деседі. Сол екі ортада еден сыпырушы егде әйел ұшыраса кетті. Айлығы, тұрмыс, тірлігі жүдеу болса да ары бойында таза сақталатын әйелді Тазша сөзге тарта кетпей ме?

– Ана бір бөлмеден дәрігерлік қол арбамен ақ матаға оралдырған кім болар екен?

– Еркіндік деп елірген, тән қызығы деп желіккен арсыз әйел тағы. Жатынындағы баласын өлтіріп жастық отын қайта тұтатып, беті жылтыраған еркектің етегіне жабысамын дейтін қанішер, – деп Дөкен қызмет істеп жатқан бөлмеге жиркенішпен қарады да: «Бойыма біткен үш-төрт айлық нәрестені сылып таста деп кезекте әне толып отырған жоқ па? Басын иіп, ақшасын беріп жалынады дәрігерге. Адамға ұқсамайтын перілер ертең түн кезіп сайқалханада сайранды салады. Оны жастықтың мақтанышы көреді ақылсыз немелер. Ірітіп-шірітіп жатқан шет елдік тәрбие...

Кезекте тұрған екінші қызбен оташы дәрігер Дөкен бір-біріне ауыздары жабысып қалғандай сөйлесіп жатыр. Сонда не дейді дерсіз.

– Қанша айлық еді?

– Үш айлық.

– Нешеуа, бес минуттік жұмыс. Сосын жастығыңды жалғастырып армансыз қыдырып, серуен саласын. Адамға жастық қымбат, оның әр кезеңін қапы жібермей өткізгенге не жетсін? Жұлдыздай ағып өтетін жастық қадірлі ғой. Сүйіспендіктің сиқырлы күшіне берілгенге не жетсін.

– Қанша төлеймін.

Сүмбілдей сұлудан көз алмай қараған Дөкен:

– Бағасын жұрттан естіген шығарсың. Менің қолым жеңіл, және өзгелерден он пайыз кем аламын. Кейбір оташылар мыңдаған доллар алып жатады. Ондайды жек көремін. Қыздардың мәңгілік жастық қуанышы жолында қызмет етемін.

Қыздың жатынында жатқан шарана қазір пышаққа түседі, тынышсызданып ана құрсағында аласұрады, тірі жан қолқаға, өкпе, бауырға дейін қимылмен ақыры азғындардың ар-ұятын жоғалтқан жауыздықтың құрбаны болып жарық дүниені көрмей қан болып қопарылады. «Ана, таянышым едің, жарық дүниені менен неге көпсініп қанымды іштің. Енді екі



дүниеде бакытсыз боларынды білмедің бе? Акшаға сатылған дәрігер тірі адамға ызалы, бала сүйіп, бала қызығын, әйел сүйіп әйел қызығын көрмеген белсіз жауыз. Кімнің жанын жаралап, кімнің жатынын қопарып кісіні өлтірмей жатыр. Ана, таянышым едің, жалындым, жыладым, жауыз екенсің өлтірдің, жүзі кара атандың. Енді ернің жібіп перзент сүймей қураған ағаштай ой-арманыңды ойрандаумен қан түкіріп өтесің. Ішқұсалықтың аяғы өлім боп тынады. Соған миың жетпеді ме? – деп ана құрсағындағы жан тіл қатар деймісің. Шамасы келгенінше пышак жүзінен қашып тар құрсақта арпалысты не бітірді. Қан боп құйылып топыраққа, коқысқа сіңіп кете барды.

– Үлбіреп тұрған жассың, сүйіспендік ләззатынан құр қалма, махаббат құсы қолыңа қонады әлі, – деп Дөкен тағы бір сұлуды дәрігерлік қол арбамен жан сақтау бөліміне шығарды да жалма-жан кезекте тұрған екінші қызды үгіттей бастады. Құбылып сөйледі, жұлынып сөйледі. Шын сырласындай мейірлі боп көрінді, тәтті сезімнің тауысмайтынын айтты. Ләззат жолында жан садақа, әуесшіл өмірге не тең келеді, ажар, көркінді сүйіспеншіліктің рахатына арнай біл, екі рет өмірге келе алмайсың, – деп қыздың шама-шарқын байқап ойқанады. Қайтеді. Сұлу бейне, сұлу мүсін өзінің жүрегіне де сәулесін төгетіндей көргенімен дәрменсіз, жанып, құша алмайды, белсіз. Соны қорлық санаса да жан сезімінің жазылмас дертін байлыққа арнап жұбанады. Сәл үнсіз тұрады да қызға: «Сымбатты сұлуың әлі талайдың жүрегін тыпырлатып, ойын билейсің, жігіттердің небір кереметінің ықтиярынан айырып, таңдағаныңмен тұрмыс құрасың» – деп қойды.

– Бәрі жақсы бола ма? – дейді өмірдің жақсылығынан үміті аз, жылауы көп, өкініші мол, шаттық күлкісі кем болатынын қаперіне де алғысы келмейтіндікпен. Оташы көкірегі діріл қакқан қызды өзі де көзімен ішіп-жеп сенімін ширатты. Қиялға құмартқан сұлу асқан білгіш оташы атанғасын именбай-ақ алдына барып құлады. Құрсағындағы шарана жанмен әлек, құзғындықтан болмайды көмек, жарық дүниені көпсінген зұлымдар өлсін демек. Ұлтымызға ауыр жазадай сын жүз жиырма мың түсік осылай жарық дүниені көре алмаған-ды. Талай ақыл иесі, талай данадан айырылды. Кеңес үкіметі қазақтарды оңалмастай етіп талай тектілерді қынаша қырып еді. Бүгінде ар-ождан, намысты түсінбейтін шет елдің кейбір жұқсыз үгітіне беріліп, бір күндік қызыққа ештеңе теңгермейтін ібіліс көкірегің ұйытқан мылтықсыз майдан жүріп жатыр. Адамның мінез-құлқы өзгерді. Рахымсыздар сылаң қакты. Мейірімсіз бет бейнелер жанымызда жүр. Сталин заманында түсік тастағанды да, оған дәрігерлік көмек бергенді де өлім жазасына

тағайындады. Бүгінгі демократияның сиқы ұрпағымызға ие бола алмай, еркіндік деп еліртіп, тайрандатып кісі өлтіру қылмысына ұрындыру ма? Жетіскен екенбіз –деп Тазша мамандардың пікірін ойына оралтты. Түрлі дерек, дәйек, зерттеулер, болжам, баяндаулар көп жайды ұғындырады, көп жайды білсең күйіндіреді. Кейде пенде жаза басқысы келмесе де мәжбүрлеген құпия үстемдік бар, ауыз аштырмайтын үрейдің дүлейлігі бар. Тар қапасты кезең ғаламат өмір сыйлаған жоқ. Ұрпақтың ұрпағына, одан әрі кететін кесапаттың құпиялы обырлығын кім түсініпті. Мұң-зардың да бастауы бар – деп Тазша алыста қалған көргені мен ойына түйгенін есіне алды: «Өзен, көлдің жағасынан ертеңгіліктегі шөпте тұнып тұратын шықтан айырылғанын байқаған бір ақылды қария егіліп жылап, ақыр заман келді ме?» деп түнілгеніне қорықсыздар келекелеп күліп еді. Міне, сол қорықсыздардың немере қызы миы шатасып, өзінің ана боларлығын ұмытып, бойына біткен шаранаға ота жасатып маскара болуда. Бәлкім, құрсақтан құрып кеткен жан ұлт данышпаны болар ма еді? Мисыз немелер, бастарында торғайдың миындай ми қалмаған шығар деп Тазша кіжінгенімен не бітіреді. Ұлтқа келген зауалдың тымыры тереңде, оның құпиясы кара сандықта, білгендері де айруға ауыздары келіспейді, кісінің көзіне қараған жалтақтық ерік бермейді. Бұлтқа тығылып, жерге жаңбыр боп құйылып жатқан тамшылар ажалдан бұрын өлтіретін химиялық қоспа екенін кім түсініпті. Қағаз қайықта тұрған кара сандықта бәрін жасырамыз. Атаусыз кетіп жатыр ана құрсағындағы даналардың өлімі де, тірілердің жөн-жосықсыз өзін-өзі өлтіруі де, Қазақстан атауы жаман «кара өлім» жөнінен әлемде төртінші орында, әрібр жүз мың адамның отызы өзінің өмірін өзі қиып о дүниеге аттанып кете барады. Неге өмір сүруге зауқы жоқ, неге ұрпағын өсіруге құлықсыз? Табиғат бүлінсе, адамның да миы бүлінбей ме? Экологиялық апаттың қатері қалыңдап барады. Жұбанбастан жыла, жылай бер, кеткен келмейді, өлген тірілмейді деген еді өзен бойындағы шықтан айырылып, даладағы тышқан, шыбын-шіркейден қол үзгенде өкінген даланың Дана қариясы. Сол өкініш қалыңдады. Қағаз қайықтағы шындықты айтқысы келмесе де медицина мамандары жап-жас қыздардың бойына біткен ұрпағына ота жасауға ұялмайтынының себебін таркатып айтпаса да мұндай қайғы қайда жоқ дейсіңге мензейді. Жыл сайын Астана қаласының өзінде он төрт мыңға жуық сәби дүниеге келеді, олардың ішінде айы, күні жетпей өмір есігін ашатындары да баршылық. Өйткені, қазіргі қыздар әлсіз, бойларында сексен түрлі жыныс аурулары бар. Бір әйелде бірнеше дерт түрі де кездесіп жатады. Қыздардың әке-шешелерінің де ден саулықтары



жетісіп тұрмайды, арак теңізінен өлімші болып шыққандары да жетерлік. Сосын да әрбір үшінші бала дүниеге ақаулықпен келеді. Міне, Кеңес өкіметіндегі қызыл жендеттердің қырып-жоятын қарулардың түр-түрін қазақ жерінде сынағанының ауыр зардабы қайғы болып оралып жатқаны.

– Міне, осылай бірі ақшаға аранын ашса, ақылсыз албастылар күндік өмірін ойлап сорлайды, – деп еден сыпырушы әйел тұл тірлікке дауа жоқтығына налып кете барды. Осы кезде Қымыр дәрігердің бөлмесіне немересін кіргізді де орындықта жат адамдардың, жат өмірінен жаны жаншылғандай күйдегі Тазшаның түрін көріп:

– Өкініштен қайыр жоқ, босқа шаршама? Үрейлі кезеңнің құлдық құрсауының езгісінен ақыл-есі жүдеп шыққан кейбіреулер қуануды да, қайғыруды да мән-мағынасын түсіне бермейді. Мысалы, автокөліктің бір тәуіріне мінсе желігіп өзінің адам екенін ұмытып құйындатады. Осындай масыққандықтан бір жылда үш мың адам жол апатынан ажал тапса, өзгесі кешірімсіз қателіктен сақтануды ойлай алмайды. «Дәмі таусылып, ажалы жеткен шығар, тым ауыр болды» деумен тынады. Біреудің қайғысы ондардың, жүздердің қайғысы деп түсіне білмейтін кейбіреуге кіжініп шаршағанмен не бітіресің, – деп Қымыр термеледі.

«Шок қайдан болса, жылу содан болады».

Жаныңда ұлттық шок әлсіресе,

Кісілікке төнген қауіп.

Өсер биікке паралап өстім десең,

Баба өнегесін жылы жауып.

Жылусызды аңдып жүрген,

Зұлым сүріндірер іздеп тауып, – деп кейбіреудің ойы шет елше сайрап, пікірі басқаша екеніне түсіну керектігін меңзеді.

– Неге шаршамайын, кеңес өкіметі тұсында төрт бірдей аштықта қырылғанымыз аздай, еркіндікті түсінбейтін сұмдыққа қайтіп шыдайсың. Рас, әлемде 19 миллион адам өмір сүргісі келмейді екен. Жыл сайын төрт миллион адам өзін-өзі өлтіреді. Әлем ғалымдарының зерттеуі бойынша «қара өлімнің» 800 себебі бар деседі. Оның 41 пайызы үмітсіздіктен, 19 пайызы қорқыныш-үрейден, 18 пайызы рухани күйзеліс, 18 пайызы отбасылық ұрыс-жанжалдан деп ғалымдар дәлелдемек болады. Десекте ата-бабаларымыздың рухының мықтылығы көзден бұлбұл ұшты ма? 1900 жылдары қазақтың әрбір шаңырағында 6 адам болса, ұл-қыздары шикі жасынан аттың құлағында ойнады. Содан бірде-бірі белсіз болған жоқ, аналармыз он құрсакқа дейін қиналмай-ақ босанды, ондай қайраттылықты, ерлікті көзіміз көрді. Мына Орынбор облысында қазақтар баршылық. Бір қуанарлығы ұл мен қызды атастырып, құда түсіп қояды. Бірде-бір қыз түсік тастамайды, белсіздіктен де ада, отбасылары ұлттық тәртіппен

сақталады. Өлкені талай аралағанда қуанып қайтасың. Біз неге бел құда, бесік құда деген ғаламат дәстүрімізді жаңартпаймыз. Бабаларымыз байлық кумаса да өмірде ұрпағым көп болып, солардың қызығын көрсетсін деп ақ тілек тіледі. Ауырып-сырқаса дәрігері – табиғат, дәрігері – жылқы, өмірін ұзартып, қайратын кемітпейтін малдан өнетін азық-түлігі, киім-кешегі. Ешбірінің миы шатасқан жоқ. Елде ессіз есалаңы кездеспеді. Кеңес өкіметі сол ерліктің тектілігін қолдан ұйымдастырған аштықтары арқылы, қуғын-сүргіні арқылы жойып тастады. Оның ең ауыры қырып-жоятын қаруларды қазақтың байтақ даласының сау жерін қалдырмай сынақ алаңына айналдырды. Бұл кісілік миды бұзды.

Қаншама жемқор зәлімдер ұлт байлығын тонап, ақыл-естен айырылып туған жерден безінуі жойқын қарулардың экологиялық апаты емей немене? Жемқорлықтың неге ми жүйесі зерттелмейді екен? Бұл да бір жазылмайтын дерттің түрі емес пе екен? Өйткені, дені дұрыс, ақыл-есі тұзу адамның ұяты болмаушы ма еді? Ұры деген жаман сөзі тірідей өлтірер, ағайынның, туыс-туғанның, ата-анамның, тіпті ұрпағымның бетін қалай көремін ұры атанып дегізбейтін мида ақау болғаны ма деп қаласың.

Тазшаның қасында өткір ойын білтелеп, ұрыларды санағандай саусақтарын біртіндеп бүгіп Қымыр: «Бабаларымыздың өткен өмірлерінде де бірен-саран сұм-сұрқия болғанға ұқсайды, оған дәлел жүйелі сөз қалған», – деп термелей бастады.

«Зұлымның жеңісі ұзаққа бармайды»,

Алмайтынды алдым деп,

Бармайтын жерге бардым деп,

Олжалаудың айласын игеріп,

Байлыққа қолды малдым деп.

Әлсіздерді басынып,

Аяғынан шалдым деп,

Зұлым ойлы аласұрып асқақтады,

Астың екен төгілесің деген кезде,

Көзі шарасынан шықты,

Заң қармағы бар екенін ұқты.

Өкшелеген өкініш алып ұрды,

Түрмеде де тәтті екен жаны құрғыр...

– Көре берсең, қоғамдағы терең сырды сақтайтын қағаз қайықта ойың бұзылып, құр қиялға шошынып, кектеніп қызынып, тазалықты аңсайсың: «Хадисте: «Дінде шектен шықпаңдар! Дінде шектен шығу құрдымға кетіреді» – дейді. Дінді түсінгісі келмейтін жемқорларымыз шектен шығуын да аңғармайтынға ұқсайды. Десек те әлемде діннің жақсылығынан жеріп, зұлымдық жолға дем беріп жүргендер лаң, бүлік салуда. Харижи топтар, діни фанатиктер Кенияның сауда орталығында жарылыс ұйымдастырып жетпіс адам өлді, екі жүз адам жараланса, жахадтық мұндай қырғын Сирия, Ирак,



Пакистанда ауық-ауық жазықсыз жандарға ажал құштыруда. Мұндай террор, ланкестікті ібілістік пиғыл, ақша басқарып отыр. Қазақта имансыз, дінсіз дейтін сөз бар, иман-жүрек тазалығы, Алланың құдіретіне жүреппен сеніп, сезіну екенін залымдар, канішерлер, кансорғыш жалмауыздар түсінер ме? Қазақтың тілі, діні, ділінде де ұлағатты сақтандыру ақылы шексіз, – деп Қымыр:

«Нәпсісінен тиылған – сұлтан болар»,

Тойымсыз ындын ұлтан кылар, десе

Көп керек емес ойлы адамға,

Сынақта жүрген пендеміз,

Жалмауыз жұтқын,

Тұрса да тартып көнбеңіз.

Әр мақалдың түйінін ал,

Одағай ісіңе күйініп қал.

Жалмауыз жұтқынды тығындап,

Өзіңе-өзің сүйініп қал, – деді де: «Әнеукүні КТК телеарнасы әуе қорғанысы күштерінің басшысының орынбасары А.Бөлдешов пен кәсіпкер Талғат Жұмаханов ымдасып, жымдасып екі жүз миллион теңгені жымқырып тастағанын хабарлап жатты. Демек, көкейді тескен олжа заңнан да сескендірмейді, ұятты есіне алдырмайды, корланам-ау дегізбейді, ұрлықтың азабы, қайғысы барлығын каперінен шығарады. Мида радиация адамның адалдық қабілетін жойып жамандықтың арбауына түсіріп тұрған жоқ па? Ұятты түсінсе өз-өзіне кіжініп кателігін кешірмей шерменде болар еді. Қандай да қылмыскердің адалдық сезімі өшкен, оны кісілік қалыпқа келтіру үшін мидағы радиацияны, жүректегі шайтандық қоздырғыш пиғылды тазартпаса, о дүниеде тамұқ отына өртенгенше тоқтау болмас, сірә.

– Бүгінгі жемкорлардың сорты басқа, оқиғалары да қым-қиғаш, құпиясын тәптештеп шындық айдынына шығару оңайға соқпайды. Бірінің ізімен бірі алым, берімге, ұрлауға кәнігіп тартып барады. Арлануды білмейтін неткендер, көзі көр, көңілдері тас қараңғы соқырлануы да мидағы радиацияның әлегі ме? Білгенімізді айтамыз, қаншама жемкорлықты қағаз жасырып жатыр. Қағаз дегеннен шығады – деп Тазша көкірегін бір ойға толтырып: «Құнын алтынға бақалап шет елден тонналаған қағаз алып жатамыз, пайдаланудан шыққанын қоқысқа тастаймыз, өртеп жібереміз. Ал, әлемнің бір шебері қағаздан велосипед құрастырып, сапасы болаттан да берік екенін дәлелдеп тозбайтын көлік етіп мініп жүрсе, біз шашпалығымызға қағаз жетеді деп күліп жүреміз. Алда елімізді әлемге танытатын 2017 жылғы көрмеде қағаздан қайық жасап, ақшалы байлар әлемнің түрлі ақшаларымен әшекейлеп теңізге жібермейміз бе? Қағаз қайықтың ескегіне «мұнайдың сексен пайыздық пайдасын шет елдік көреді, біз жомарт елміз демек!» – деп көгілдір отынмен жалтылдатып жазса ешкім келемеждей қоймас еді. Қазақтың

анқаулығы келмеске кетті деп өзгені мысқылдап күлер едім. Күліп тұрып зәлімдердің ішкі сырын қайықтағы рентген сәулесі, дыбыс толқындары арқылы анықтап білер едім. Қырсықтың неше алуан түрін де, ланкестердің арам пиғылын да әлемде бірінші боп анықтап қорғанатын құрал, жабдықты ұсынар едім. Сонда біздің данқымыз көкті шарлап, Айға қоныстану үшін жекешеленіп жатқан АҚШ және Жапония ойшылдарынан озып тұрып жердегі бүкіл жойғыш қаруды залалсыздандырып қағаз қайығымдағы ұлылық ойымды Айдың мұрғатына аман, есен жеткізер едім. Қағаздан велосипед жасапты деп аңыз еткендер, біздің қағаз қайықтағы ғаламатымыздың жұмбақ сырын білгісі келген талайлар тандай қағар еді.

– Дұрыс айтасын, Тазша қыздарымыз құрсағына біткен данышпан жанды ота жасатпаса, бірталай ғаламатты өмірге әкеліп әлем ойшылдарының басын идіріп, алақаны тесілгенше құттықтап ұратын қол шапалағына қуанамыз, әлі. «Қалауын тапса қар жанар» деген бабалар сөзі есінде ме, Тазша? – деп Қымыр ойын термеледі.

«Қалауын тапса қар жанар»,

Ойланғыш ұрпақ ой бағар,

Жетесіз желіккендер,

Ішкенге мәз, үй бағар,

Ойшылдарымыз озып жүр,

Маскүнемдер тозып жүр.

Сұм-сұрқия мәз,

Сұлу қызды көрсе

Арын төгуге ынтықты.

Шет елше талай жын шықты, – деген үміті мен күдігін жайып салды. Осы кезде Тазша аузындағы қойдың сүтінен істелген құртты талмап: «Саспа, азаматтық қоғамның ойшылдары жүзеге асыратын құрал-жабдығы талай алшаң басқан зұлымдардың жұлымын қырқар.

– Қай ғасырдағы қой құртының суын жұтып тұрсың? Жайлау толы отар, отар қойды ойласам ұйқым кашады, үніліп өткеніме ой жүгіртсем біраз жақсылықты күйретіп тастағанға өкінемін, – деді Қымыр социализмнен түңіліп капитализмге жаппай ұмтылғанда ауыр соққының астында адалдықтың қаймағын бұзбаған ауылды жүдетіп кетті.

– Ескі мен жананың айкасқа түсуі күйрететінді күйретіп, сұм-сұрқияға үйрететінді үйретпей тұра ма? Ұлт ұлылығының мағынасын да ұмыттырады, пендешілік әлсіздікті де сездіреді, кейде зілкөтерем қиындық тірлігінен бездіреді. Сол жылдарда жабырқаған көңіл күйім есімнен кетпейді, – деп Тазша тасқынды ойын жүйеледі.

– Ойынды бөлмейін, зымырап өткен уақыттың естен шықпас оқиғасы көп қой, – деді Қымыр немересіне құлағынды салып отыр дегендей ишарат білдіріп...



Социализмнің өткінші даңқы жүдеулердің есінен шықты. Солардың арасында жүрген Тазша соңғы кезде жерде жатқан ағаш жанқасын, түрлі қикым-сиқымды көрсе соны іздеген сияктанып кекті көзін тастап, біртүрлі ойға кетеді. «Басқа елдің көп қатарлы үй қабырғасының өзінде тонналаған көкөніс-жеміс өскенде керемет. Бізде лажсыздан күйге түстік, деп қақсап өзгеге көз сатқанша, қикымды біріктіріп өзіме лайқаттап қағаз қайық жасап, оны лағыл-маржанмен көмкеріп (жер асты байлығымыз әлемді жүз орап алуға жетеді) әлемдік тауар нарығына шығармаймын ба? Бұрын-соңды мұны көрмеген халық қикы-жикы тірлігін тастап жаппай қағаз қайық жасауға көшер еді. Мұнайды, көгілдір отынды, алтын-күмістерінді, уранынды қағаз қайықпен шығын шығармай тасуды әлем байларының қайсысы жек көреді дейсің. Капитализмнің мінезі қай ғасырда да қарыз беріп, оны бірнеше еселеп қайтарып алып және саясатына көндірудің мың түрлі амалына жетік. Және берген көмегін бұлдап асқақтап тұрады. Соны біліп қағаз қайығымда жайтасындай жарқ ететін еркіндік пікірім болса, өзгелер менің кім екенімді, шар болаттай майыспайтынымды байқайды, ә? – деп тамсанып қойды. Ерте, ерте, ертеде қой бағып, оны қоңызға күзеттіріп, тасбақа қабығынан тон киіп, ит басына іркіт төгіп, бірен-саран қасқырды құмырсқаға талатып сайран салып жүрген кезінде қойдың қатығы, майы, құрт, ірімшігі қарыныңның жың тоғын бір-біріне қосып, жүрек жалғап, сол арқылы сұлу қыздарға өтірік өлеңін арнап жататын күндерімді айтам-ау. Ол кезде қызды құшақтамақ түгілі ақ білегінен ұстау жігітке үлкен бақыт-тын. Қыз денесі құпия мемлекет, оған некелескенше тиісуге сырын білуге болмайды. Заң қатал. Сол тұста бай балалары өлең сұраса, аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш боламын деп ойламайды – дейді де танауын кәйкитіп тарта беретін Тазша замандастары еді. Сонда қикым-сиқымды аузына салып қау жап, таза ауаны көкірек кере жұтып, жанының мөлдірлігімен тірлігінде ұтып, қатып, семіп, қиындықтың не түрін жеңіп, өз елім, өлең төсегім, дейтін-ді Тазша. Қайғыға еңсесін ездірмейтін, кедейлігін ешкімге сездірмейтін.

Бүгінде пенденің жер де, көкте де, қарым-қатынасы өзгерді. Жокқа мәз болатынды да көз көрді. Өз мұңын өзі бүгіп әлектенді. Тамыр жайып барады желөкпелі. Дархан көңілді арқандап, темір сандыққа сала бастады. Жан-жағында қасиеттіліктен гөрі, қаскүнемдіктің Қап тауындай желі ескенсін, өйтпей қайтесің. Тіршілік түнерсе де бақыттымын еркіндік шуағымен дерсің. Мінез-құлықтағы ата-бабадан қалған жақсылық біткенді қағаз қайыққа мінгізіп, дінбұзарға дуалатып, шетелдің жұғымсыз қылығына елітіп, қосынды тірлікті тұншықтырмай көз көріп, құлақ естімес жаққа алып кетсем, деген пиғылды да Тазша меншіктегеніне біраз болды. Өйткені,

әлемдік базарда жалған сөйлеп, халықты алдаудың жұлдызы онынан туып тұр. Соған орай адамдар сенімі қасақана қасаң тартып, тіпті орыс даласының өзінен жүздеген адамдар жұмыр жердің жұмағын іздеп, тырақайлап кетіп жатыр, қалың қаржылар шет ел банкісіне өтіп жатыр. Тазша да көршіге еліктеп кетер еді, әттең қикым-сиқымнан жасап жатқан қағаз қайығын қимайды. Оның үстіне бір тойынса ертеңін ойлаудан қалады, біреу жым бол дегендей селт етпейді. Әкесі сотталып түрмеде өлгесін, үрей алдында тілсіз боп еркіндікке азар жетті. Үн қатсаң, құм қабасын дегенді талай естігесін, көзі жерге түспей, ал балық, аузыма сал балық, деп екі қолын қусырып шөп басын сындырмайтын әдеті ұмытылар емес. Үндемесе де жүрегінде, миында қарапайым қазақ сөзін ұлылыққа бағалады. Бүгінгі күнде қикарланбай қарысып қалған қолын қимылдатып құстың көлеңкесінде емін-еркін отырып қағаз қайығын істейін, деп банк бастығынан қарызға ақша сұраса бір теңгені он теңге ғып қайтарасың дегесін шошып жүрегі қолқасынан біржола шығып кете жаздады. Жә, сөйтіп қарыспа мінезбен құркылтайдың ұясындай жекешеленген жер төледе иттің терісін төсеніп қисая кетті. Көзі ілініп барады екен, терезенің үшкілдей тесігінен шашы қобырап бақырған біреуі:

– Мен салық инспекциясынанмын, жинаған қикым-сиқымына ат басындай алтын төлейсің! – деп тісін ақситты. Бұрын түсінде гүрілдеген біреу: «Байқа, әкең жау атанып сотталған, шындық дегенді аузыңа алсаң атыласың! – деп шошытып оятушы еді. Үрей иманымды ұшырды, үрей басыңнан кетпегір деп күбірлеп батылдықтан безуші еді. Енді ит күркесіндей үйіне салық төле дегеніне түсінгісі келмеді.

– Тфә, пәлекет қағаз қайық жасайтын асыл ойымды таста да, қолыңа ілігетін мүлкім болса дымын қалдырмай алып кет. Кедейдің қалтасы тесік болғасын ақша таппасың, қикым-сиқымнан басқа.

– Қикымды алмаймын, ана-у қара дорбаңдағы не? – деп салықшы көзін бақшаң еткізді.

– Ол дорбадағы социализмнен қалған өтірік. Бүгінгілерді олжа табу жолынан адастырмауға өте қажет-ақ. Бағалы тәсіл...

– Оның қасындағы ала дорбадағы не?

– Онда басы бұлақ, аяғы теңізге құйылып жататын уәде. Бұл да жаңа қоғамның кейбір шенеунігіне жойқын жігер береді. Құнды айла.

– Ондай нәрселер өзімізде де жетерлік, – деп салықшы қыли көзімен ұядай бөлменің бұрыш-бұрышын шолып тінте қарап кетіп қалды. Содан біраз ойланып жатып Тазша тағы да көзін іліндірді. Көгілдір перденің әр жағынан жүдеу, ақ сары өңді, орта бойлы, еріні жұқа, қысық көзді біреу жымыя күліп:



– Тазша сені құдай жарылқап күркеңді жекешелендің, ә? Шала байыған шығарсың, ата-бабанның құнын өндіріп алғандай мол мұраға иелік еттің бе? Тойынып... кекірік атып шалжиып жатасың, құлдарыңа зіркілдеп әйт-бүйт деп қатаң тіл қатасың, айбарыңмен талайға көресінді көрсетісің,ә? – деді. Бұл банк бастығы екен. Оның сөзі Тазшаға сіренкінін көлеміндей үйді де көпсінетіндей, егер кредитке үйін қойса, жері қымбат тартып алуға оп-онай көрді-ау деймін. Жымыскы сезіміне қарағанда кедей-кепшікті өзі ғана ұшпаққа шығарып, үйіп, төгіп жақсылық істеп тастағандай сынай танытады. Мұндай қулықты тез байқайтын Тазшаның ойына Қымырдың:

«Көңілдегі сырды көз білдіреді»

Тазша алданатын аңқау емес,

Алдаушының өзінде сүріндіреді.

Адал ойын күліп айтып,

Тазалыққа жүгіндіреді,

Қулық,сұмдық бір-ак күндік,

Ақылға көш азамат, құлақ түріп, – дейтінін тап басқан пікірге бағалайтын еді. Сонан соң да болар банкі басшысына қарсы ойын жұптап: «Е, бәсеке сіздерге ұқсап үш-төрт кабатты кәтеждерді жекешеленсем өтің жарылып кетер ме еді. Әттен, ондай көлдей көлемді үйім банктегі сапалы қағазын тәрізді қағаздан қайық жасап (Алматыда жасанды ақша жасайтын үш-төрт топ қылмыстылардың қылмысы әшкереленді деп жатыр) алтын-күмістерді тиеп үлкен теңіздерге шығар едім. Немесе, Марченко сықылды шет елден жылы орын табар едім. Менің қағаз қайығым отқа күймейтін, суға батпайтын, оқ өтпейтін, болаттан да берік. Каспийдің балығын ұрлаушылардың қайығын бір оқпен қақыратуға болады, менің қайығым иірімдерден де іркілмей өтеді, асау қайық оққа да жеткізбейді.

– Бағасы қымбат па?-деді банк басшысы емініп.

– Халықты алдау, арбау механизмінің әлемдік құпиясын айтсаң жетеді. Құпияның керектегі, банктен қанша адам қарыз алып, оны төлей алмай кейбірі о дүниелік болып кетті. Пенденің өзін-өзі өлтіруі ауыр күнә, сол күнәға банктің де себебі болды-ау. Қарыздың құпиясын түсінбегендерге мұң-зар болуда. Менің қайығым кәмілдікке негізделген, әлемді шарлап кетсең қандай рахат. Сосын әрбір елден қатын аласың, қалаған мемлекетіңнен алтындалған кең сарай саласың. Өзің бір қолыңмен судан шыққан екі алтын балықты ұстап иран бақтың ішінде нетүрлі сұлулармен сайран құрасың, – деп еді Тазша. Банк басшысы ауыр ойлана ойланып, тіпті қипақтап-сипақтап біраз тұрып алды. Иран бақты айтасың, таудың самалы бұрқыраған кең қолтығындағы әрқайсысы отыз-қырық бөлмелі, тұтқасына дейін алтынданған елу кәтеждер бұрын-сонды жер бетінде жоқ құрылысы. Қай елдікі болса да ерекше байлық мұрасы. Әсіресе, сол кәтеждердің есігін ашып, күлімсіреп, бейне мыс тауының атакты үй бибісі

қарсы алатындай өңшең сұлуларға (олардың кейбірі түсік тастаған да шығар) көзің тояр ма? Оны азсынсаң мың миллион ғасырдан кейінгі ұрпақтарымыз жер астынан алтын үй таптық, деп зерттесе алтын адам тапқандай аңыз болар еді. Оны тұрғызудың құпиясы да онша жұмбақ емес. Мемлекеттің халықты өркендетуге бағытталған құжаттарын жорта қуаттай отырып қарыз бен салықты, түрлі төлемдерді мыңдаған есемен қымбаттатып жіберсе жетеді. Үкіметтің финанстық тексерісіне заңдылықпен бөлек құжат дайындайсың да, қарыз алушы ма, тұтынушы ма, бәріне басқаша құжат ұстатып банктің де, коммуналдық мекеменің де пайдасына кенеліп отырасың. Сонда қарыз арқылы дамитын жеке кәсіпорындар түгелі Кеңес өкіметі сияқты мемлекеттің өзі белінен айырылған жыландай қираландап шаруасы бітіп кетеді. Осындай қысқаша ойды әлемдік банк иесі алтынданған қағаз қайыққа қызығып айтқысы келсе де тілін тістеп күбірлей берді, ішкі сезімі дағдарысты біз жасамасақ кім жасайды дейді-ау шамасы. Сосын қарлыққан үнін шығарып:

– Е, Тазша менімен теңдескің келіп күлесің. Оныңыз тарыны көрген торғай тұзакты ұмытатындай болып жүрмесің. Байқа, анау-у «Алтын ауылды күзететін оқ қағарлар жүндей түтіп, жүнжітіп жіберсе маған өкпелеме?» – деді жағының жүні үрпип, ақ шалған мұрты тікірейіп.

Ондай залымдық пікірдің ығына жығылып көрмеген, дыбыс қаруымен құпия қаруланған Тазша:

– Бәсеке, менің астыма мініп жүрген, радиациямен семірген, Алатаудай қара шыбынымның тепкісіне ештеңе шыдамайды. Қажетінде ұшқыш кілем болып ұша жөнелетінін де білмейсің, – деді.Осы кезде банк басшысы:

– Иранбактың бір үйін жекшелендірсең, – деді сыр тартқысы келгендей күлімсірей түсіп. Қайтесің, кекесіні ғой. Байып шығу кедейдің қолынан келмес дегені. Ал ар-намысы таза, рухы мықты, кедейдің жан байлығы ешкімде бола бермейтінін қайдан білсін.

– Құдайдан қорқамын. Әлемде әлсіз халықтың көз жасы теңізге айналып барады. Дүрбелеңдермен қан төгіліп жатыр. Ол теңізді қағаз қайықпен құрғата алмаспын. Халықтың шаруасын жұнттай етіп түзетеміз деп тұс-тұстан гулейді. Ал шындық іске шайтанның араласып итін шығарып жатқанын ешкім білмейді. Алтынды көрген жерде періште де жолдан тайып, жер бетіндегі шайтан семіріп-ақ болды, – деп Тазша ақ бұлт арасынан жарып шығып Алатаудың биік шыңынан төмен қарай құлдырап келе жатқан ұшқыш кілемнің үстіндегі қара шыбынына құмарта көз салып орнынан атып тұрды. Шыбын қайғылы. Өйткені, жердегі шыбын, шіркей, құрт, құмырсқа, түрлі аң, түрлі өсімдіктерді экология табаға салып қуырғандай құртып барады. Соған Ай әлемінен жапондармен бірге барып қоныс іздемекші. Тазша қара шыбыны ұйқысынан оятқандай көзін ашқан



бойда әлгі банқтың өсімқор, өзімшіл бастығы титімдей арам жапалақ боп жапырағы жоқ, тамыры солған кәрі теректің бұтағына қонып тұр екен. Тазша түс-елеске қанымызға сіңген сенгіштікті жобалады да үнсіз тұрды... Сосын күбірлеп: «Өскен елдің қуарған терегі де гүлдеп тұрады. Жаратқан Ием сондай жақсылыққа жеткізгей?! – деп күйіне жанын азаптап үстіне жұкқан қикым-сикымды, ағаш жаңқасын қақты.

Осы кезде көше коқысын тазартуда еңбек ететін Қымыр: «Тазша, алақай коқыс өңдейтін зауыттар ашылып жатыр, қағаздан қанша қайық істесең де қолыңды ешкім қақпас. Бірақ, шетелден сайт деген тұрмысымызға еніп, газет, журналдардың тынысын тарылтар түрі бар. Кеңінен ойлап, шалқып көсіле ой толғаудың жұлымын қырықпаса не қылсын. Онлайнға ойысқан заман онсыз да миымыздағы радиация зардабын қалыңдатып өкіндірмесін деп тіле... Айтпақшы, кеше оташы Дөкенді көрдім, тайып құлап аяғын сындырған ба, қос балдақпен сүйретіліп бара жатты... Қиянаткерлердің жазасы ауыр-ау..

– Пенденің көңілі тоят таппас-ау... Қашсаң да құтқармайтын бір елікпе бар..

ЕКІНШІ БӨЛІМ

– Адамшылығымды басым жерге жеткенше сақтағым келеді-ақ. Азды-көпті өмірді көрдік, ертеректе біреу сүрініп жатса да, екіншісі төбелес іздеп білегін түрініп жатса да, пенденің түрлі мінезіне күліп жаныма азық ететін едім. Бүгінде күле алмай, адамдардың аз-маз қалтарысының сырын біле алмай қатты ашығып, жаным жай таппай өтірік күлкіге сүрініп, талапсызға таңғалып, шындық ауылы алысқа қонғанын аңғарып жүдеп жүрмін. Шетелдің бір эзезілі өзге түгілі өз ұлымды азғырып жатса аузымның суы құрып, ай мүйізді ақ кошқарды отарға салғандай, жат малды қуып шығатын қойда қуат, айбар жоқтай көңілім құлазып құм далада кезіп кеткендей күй кешемін. Жұрт қызық, шетелден қымбатына самолетпен «бағын» өрлетіп әкелген грифорт бұқалар өліп жатса, өлігін өртеп көміп жатса, жанында тұрғандар айқай-ұйқай болып ішегі үзілгенше күліп жатады. Айлашылдар тағы нені өртер екен дегендей сынай танытып қылмысқа да көбіне айып тағылмайтынына қуануға ұқсамайтын әжуа күлкі ме? Өзім болсам ондайда көзімнен жас шығып, жер соқсам жеңілдеп қалатындай сезінер едім. Таза күлкіні таппай ақыл сұрағаныма кешірім өтінемін, – деді Қызбелден келген айтқыш Ақтай. Оны бұрыннан танитын болғасын Қымыр автокөлігінің кабинасына отырғызып: – Елде де жақсы мен жамандықты айыру қиындады ма? Ауылға барғанда асқа тою өз алдына, ақтарылған аржайы күлкіге тойынып жанымыз семіріп қайтатын едік – деп сөз бастады.

– Қазір эзіл-қалжың, күлкі құлаққа құйылса да тұрақтап тұрмай ілезде ағып кетеді. Сосын жұрт неге күлгенін білмей шаршап қалады. Ақылгөй көп, ақымақ жоқ, буда-буда ақшаны олжаласа да күлмейді, ең болмаса жымия салмайды. Ешкімге ұпай кетпейді, ұтысы бар, неге күлсін? Өткен заманды өгейлеп, жоқтай-жоқтай енді тоқтады. Ақымақтар барды бұзып-бұзып бетінің ауған жағына кетті, олардың басқан ізіне дейін тазарды. Қызбел өңірі базарлы, байлық жарысы басталғалы күлу жағы қиындады. Ешкім ыржақтап күлгісі келмейді, жүзіне шоли қарап пайдалы пікірді ғана білгісі келеді. Сөйтіп, ішім пысып қалада біраз жүріп жақсылықтарға қуанып күлем деп алдымен алаңғасар інімді іздеп, темір есігінің тетігін білмей аңырап жүріп саған кездестім. Шынымды айтайын темір есікті неден қорқып салды. Қазақ есігін кілттесе кілттеніп қаласың, ырымға жаман деуші еді.

– Е, жақсы ырым ұмытылып, жаман ырым босағадан аяғын аттап тұр. Ұры-қары барыңды көз ілеспей қағып кетеді, шетелден жұкқан зорлық-зомбылық үдеп тұр, сұм-сұрқия олжаны күреп тұр. Өзіңнің де тірлігінің бабы болмай адасқыш алаңғасарды іздепсің, ондайлар да баршылық – деді де Қымыр ой толғап:

«Алаңғасарды ары құла десен, бері құлайды»,

Құлап үйренген, құламай тұрмайды,

Өкінуді ұмытып санын ұрмайды.

Әр істің басын шалып оқсатпай,

Құйын қаққандай зырлайды.

Қазақи ақыл миына жұкпайды,

Дінбұзарды сағалап ықтайды,

Құлағыштардан кісілік шықпайды, – деді де мұндайға ызалы түрде күлерсің. Күлкінің уытын түсінбейді бәрібір.

– Теледидардағы эзіл, қалжың деп сайрайтындардың мылжыңынан, қияңқы сөзінен мыжылып болдым. Сикырлы сандыққа қанша үнілсем де таза күлкіге жарымай онсызда бұлыңғыр ойым, тамырынан жұлынды. Елде не көп айтқыш көп, солардың өлісінің сөзі де өлген жоқ, тірісінің сөзін бұлжытпай айтып жалпақ жұртқа жеткізіп күлкі базарын дүрілдетпей ме? Күлкінің бабын келтіру білгірлік, тапқырлыққа байланысты. Бүгінгінің айтар ойы әлсіз, әрі тақырыбы таяз.

– Жақсымен сөйлесудің өзі көңілге демеу, көкіректегі кірлеген кірбінді ұмыттырады, ақ жарқын күлкіні де шақырып тұрады, – деп Қымыр: «Сөздің де мол дәні бар, жақсының жаныңды жылытар ерекше сәні бар. Өзінің кім екенін білмейтіндер де ақылды ұғынар. Тек қана шындық жасырылмасын. Су татитын желсөзге, бояуы қалың өтірікке ерме? Өтірікке күлсең өзің өтірікшідей көрінесің.

– Сөзінді түсінбей тұрып кейбіреу табалайды, сөйте тұра асыл ойың болса торып өзі иелене қояды.



Ісі іс болмай, жаңалық пікірі пайдаға шықпай, ақылы суша шашылып тұрса әлдекімді жалалайды.

– Суша шашылып дегендей, жер бетіндегі құрлықтарды мекендейтіндердің алпыс пайызы тұщы суға зәру. Әлемдік есеп бойынша бір кісінің күніне ішетіні жұмыс қажетіне жұмсайтынына 300-400 литр су деседі, ал, коммуналдық шаруадағы кейбір кулар оны екі-үш есе өсіріп тұтынушыны жүдетіп, қалтасын қағып тастайды. Социализм халқының жетпіс жыл ішпей, жемей тырнақтап жиған байлығын сұм-сұркия талап алды. Тонаушының қаһарынан Қызбелдің жүз он бұлағы, өзен, көлдерінің суы тартылып қалған жоқ па? – деді де Қымыр: Ауыл айтқышы өзен өртеніп, піскен балыққа сұмдық тойындық, оны жүз жыл өтсе де ұмытпаспыз деуші еді. Балықтар босып кеткен жоқ па, иелік ететіндерің қаскүнем деп?

– Табиғатты аяусыз бүлдірушілер жетіп жатыр. Ондай зұлымдықты есіңе алсаң ішін күйеді. Тіршілік катігезденді, бастан өткен катал кезең қайғыландырып запыран құстырды, сондай зілкөтерем ауырлықпен шыңдалып өмір сүруге құштарланатындар ғана елде қалды. Алтынға бағалап әкелген грифорт бұканы қырып ұятқа қалғанша жер қайысатын жылқы өсірмес пе едік? Ауылда ақыл бар, оны тыңдайтын бастық таппасақ қайтейін. Ертеде Жолдас деген айтқыш кеңшар басқарыпты, шаруасы оңбай бірінші хатшының сынына ілікпей ме? Сонда Жолдас: «Ауылдастарым екі сөзінің бірінде басқарма дейді, ауданда да басқарма дейсіңдер. Сосын қайтіп басқарамын», – деген екен. Ұры-қары тынышымызды алып еді, қазір жылқыны бейне жабдықпен, элекромагниттік толқынмен аман сақтап отырмыз. Өйткені, мал бағатын, тіпті сиыр сауатын, таза азық-түлікті өндіруге құлықсыз ұрпақ пайда болды. Дүкенде бәрі бар, аққұла еңбекті қайтеміз деу бар. Адам пейілін құлықсыздық обырлана жұтып жатыр. Өткенді еске салсаң да, оралмайды қайтадан. Ақылды сорлы шалабын босқа шайқаған. Ауыл айтқыштары да ыңғайынан жаңылды. Әділ айтқан сөзімді тыңдағаныңа рахмет, Қымыр, – деді Ақтай мазмұны терең, маңызы жоғары пікірін айтып шерін тарқатқандай серпіліп, жұмсақ күлкісін жариялап.

– Күлкің жақсы ғой, әрі төзімің баяғыдай мықты.

– Е, күйінгендіктің күлкісіне арқа сүйеп жасымды ұзартып жүргенімді көре алмай тұрсың ба? Қолым жете алмағасын іштей қызғанатынымды, сай сүйегім сырқырап қалатынымның себебін сұрамайсың ба?

– Менің қалада өмір сүргенімді қызғанасың ба? Өзің білесің бұл да екі диплом алғанымның нәтижесі. Көше қоқысын тазартумен бірге жаныма кір-лас жұқтырмауға әбден үйрендім. Елдегідей қанағатым бар.

– Сенің тірлігіңді қызғанып қайтем, әлем таныған қазақ ұлтының бірісің. Сол әлемге белгілі 1984 жылы Калифорниядағы көрмеге қойылған

салмағы 277,6 килограмм тартатын аскабақтың дәнін әкеліп Қызбелдің бұлақ суымен суарып өсіруді армандаймын. Аскабак біраз ауруға ем, қалын жұртты азықпен жарылқар едім, грифорт бұканың өнімі емес қой, таза пайда болар еді. Ей, күндерім босқа өтіп жатыр... Ізгіліктің мәнін жоғалтпай іздегің келеді, қолдаушың жоқ. Алғыр пікір құлдилап кері кетеді кейде. Сосын, жаныма ұнамаған нәрсеге салқын күлуден басқаға дәрменім жоқ.

– Саспа, Тазшамен кездестіремін, күлкі базарына қанығасындар, – деген Қымыр:

Өткен іске өкінбе, өміріңе зая,

Жақсылық келер құшағын жая.

Сенімін жоғалтпаған халықпыз,

Алыптардан да асқан алыппыз,

Данқымызды күндеушіден сақтасын,

Жұмыр жерге ұлтымызды таныттық! Қазір Тазшаның баспанасына апарамын, ол қағаз қайығының сұлбасын шырқау көкке шығарып, оның жан-жағына Абайдың ұлағатты сөздерін орнастарту жұмысымен және 2017 жылғы әлемдік көрмеде қыран, бүркіттің алғырлығын танытуға жігерленіп отыр» – деді.

– Е, жұмыр жер жұртшылығына күліп жүріп ұлттық ғаламаттарымызды танытқанға не жетсін, кеңес дәуірінде атаусыз қалған құндылықтарымыз төрт құбылаға тараса қайтіп қуанбайсың, қайтіп ақжарма күлкіге ерік бермейсің, – деп Ақтай жасын ұзартқандай көңілі көтеріліп қалды... Ақтайдың қуануының да, өкінуінің де жөні бар. Бүкіл қазақ елі тарихында, өзінің туып-өскен «Торғай өңірі, «Қызбел» тарихында аштан қырылғандардың соңғы сөзі: «ұрпақ бақытты болындар» деп жандары үзілген-ді. Атақты акын Нұрхан Ахметбекотың «Аштық» поэмасы осы Қызбелдегі қырғын туралы деседі. Ақтай тәуелсіздіктің арқасында сол сұрапылдың шындығын ақпараттардан білді. Голощекин 1927 жылы Сталинге жазған хатында «қазақ коммунистерінің ұлтшылдығымен бітіспес күресті нәтжелі жүргізудеміз» дегенді айтса, Сталин оған: «Жолдас Голощекин менің ойымша, осы хатта белгіленген саясат негізінен бірден-бір дұрыс саясат» деп жауап хат жазған. Сталин қуаттаған соң қанішер Голощекин аянсын ба, Қазақстаннан 1926-1930 жылдары Мәскеу тапсырмасымен 2 830820 тонна астық, 2 422105 тонна ет тапсырылып, 40 миллион малдан 4 миллионы қалса, байлар, орташалардың тәркілеуін мылтықтың күшімен атарын атып, түрмеге жабарын жапса халық қырылмай қайтеді. Алланың көзі түзу болып ақыры тәуелсіздікке жеттік, – деп Ақтай өткенге ой жіберсе, бүгінгіге қуана күледі.

– Адамдар адамға өлім арнаған ауыр кезің тарихымызғой, ұмыта бастадық көрген қорлықтардың талайларын, кейбір айтқыштардың ұшқыр оқтай қадалатын сөздерінде ғана қалды. От сөздер... Міне,



Астана кандай көрікті болса, Тазшаның күркесі де өзінше құтты, сәнді. Үй тарлығын көрсе де көңілі дариядай кең.

– Ассалаумағалайкум.

– Уағалайкімсәлем, төрдің төбесіне шығындар, мына атақты бүркітші Төлеген Окасовпен әңгімемізге ортақтасындар. Төлегенге өмір мен бакидың арасын не күзетеді деген сұрақ қойып аузымды жиғанша жақсы келдіңдер, – деді Тазша құбақан жүзінен төгіліп тұратын жылы нұрын шашып. Осы кезде Төлеген жасы кішілігін сезіп ығысып орын берді де:

– Атақты Жиёмбат батырдың жаны үзілісімен киіз үйдің шаңырағынан ақ сұңқары аспанға ұшып кетіпті. Демек, қазақтың жанын қыран құс күзететін шығар деп топшылаймын.

– Жөн екен. Адамның көңілі боп қия-құзды аңсайтыны, ер жігіттерде жастықтың жәрменке базарында қырандай талпынатын өр мінезді, өжет қайратты меңгергісі келетіні анық қой. Қыран ұстаған адамда қыран мінезі пайда болатын шығар, – деп қалды Ақтай.

– Қия құз, шошақ шындарға өрмелеген адамға кейде екінші біреу сұқтанып қарап, не бейнетім деп мазақтағысы да келер. Бірақ, таңбалы тастар, құз-шың қыран мекені сол биіктікте ғой. Самғайтыны да биік. Ол қыранды тауып қолға қонақтатып өзіне қызмет етуге үйрету ойыншық емес, ауыр бейнет, үлкен жұмбағы бар тіршілік. Сол жұмбақты шешіп меңгерсең ғана рахатын көресің, – деді де томағасында тұрған қыранына қарап: «Мына Найзатұяқ атты қыранымды Қызылтаудың қия шыңынан алдым. Томағасын сыпырсаң әлі күнге тауды, ондағы ұясын аңсап биікке серпінді канат қағады. Бүркітші болу ата-бабамнан қалған, қанмен дарыған кәсібім. Әкем Қошқарбай, атам Окас, бабам Қайдардан арғы, одан бергі ұрпақтары аңшылықпен, саятшылықпен шұғылданған. Қиялыңа канат байлайтын солардан қалған мұра. Тұқым қуалаған бұл өнерімді ұлым Ерікбай жалғастырады. Біраз үйренді. Жер мен күн арасындағы табиғат – олжамыз. Қасқыр алатын итім, қыран құсым, Даманскінің болаты, арабтар істеген түзу мылтығым, сұлу жарым бар. Одан артық байлыққа менсінбейтін жайым бар. Найзатұяқтың алдында «Ақиық» деген бүркітім болған, он бір жыл аңға салғам. Тірліктің нағыз шындығы ажал ғой, аңға түсуге асығыс қимылдап байқаусызда тоққа түсіп өліп қалды. Жоғарғы кернеулі электр желілері құстарға тура келген ажал болып тұр. Бағанның басына қонады, ондағы тоқ сымдары мұқияттап залалсыздандырылмаған. Шалағайлар аз ба? Қыранның көбісі содан қырылады. Табиғатта сирек кездесетін құстар өліп жатыр деп ақпараттарда талай мәселе көтердік, оған қыңып жатқан ешкім жоқ. Жалт еткенді жалп еткізіп бүлдіріп тастауға шеберміз. Обалынан да қорықпаймыз. Қыран құстардың

тұқымы құрып кетудің алдында тұрғанымен кім түсініп, кім тыңдар дейсің. Біреудің жоғын біреу өлең айтып жүріп жоқтайды деген кезең келіп тұр. Құлықсыздық тірлігімізге ендеп еніп тұр. Бүгінгісін ойлайтын өзімшілдер жетерлік. Меңдетіп тұрған өтірік бар.

– Табиғаттың сәнін кетіріп, өз ісіне қыли көзқараспен қарайтын өзіміз сықылды пенденің жауапсыздығының шындығын айтып отырсыз. Мұның түбі қасірет, оның зардабы көрген түстей жоғалғанша бармақ тістеп, өкінумен тынармыз. Кейбіреу бүлдірген ісін ант-су ішіп шыным осы, дұп-дұрыс істедім, деп жеңістік берме, – деп Тазша әркімнің өмірде кимасы, құндап өбектейтіні болады. Одан айырылса шарасыз көкірегі қан жылайды...

– Оның рас, құсымнан айырылғасын үйде бүк түсіп жатып қалдым. Соны түсінген інім Киікбай ақ үрпек бүркітті қолыма ұстатқанда қуанғанымды айтсаңшы. Ақ үрпекті баулып, өсіріп үйретіп алдым. Бүркіт әр ұяда екеу, не үшеу болады. Екеуден біреу шыққаны ірі қыран болады. Екеу шыққаны орта бүркіт болады, осы менің қолымдағы Найзатұяқ сықылды. Негізі бұл онша іріге жатпайды, түлкі, қоян, қарсақ қағады. Орал тауының ақиық бүркіттері біздің жерге қоныстанбайды. Қыста тамақтан тарыққанда ма, Орал тауынан соқпа бүркіттер келеді, бірақ ұя салмай тойынып кетіп қалады. Жергілікті бүркіттеріміз де кем емес. «Аққу ұшып, қаз қонар, ұя салған жеріне» деген сөз бар ғой.

– Бүркітшінің жыры мен сыры көп қой, құсты баптаудың тәсілі қандай,? – деді Қымыр.

– Е, құсты баптау дегеннің өзіндік ереже, тәсілі бар. Құсым қазір түлекте отыр. Сілкініп қалса қауырсыны түсіп жатыр. Түлеп болғасын мұны көтеру үшін қайыра семіртеміз. Екі мезгіл жем беріледі. Үш мезгіл жас ет жейді. Содан жүні, қауырсыны орнына келеді, семірген бүркіт жар тартып ауырлағанда төсінің қырынан байқаймыз Төстің қыры жабылса семіргені. Сосын ақжемге отырғызамыз. Бұлай баптауға екі ай кетеді. Аңға түсуге жаратар алдында суға салған малмамен күнде тамақ мөлшерін азайтып, бүркіт бойындағы майы кеткенде жараған аттай өзінен-өзі ширығып тұрады. Қолыңа отырғызғанда шырылдап, қолыңды қысып, «мені сал аңға, жауыма жібер» дегендей белгі береді. Оны шар еті дейді. Шар етіне келтіріп орта күймен аңға түсіресің. Тым семіз болса қашып та кетеді жүз жерден қолға үйреткеніңмен тағының аты тағы.

– Адамның да тағысы тойынғасын төбесінен төмен қарай алтын құйсаң да жақсылығыңды түсініп үйіріліп тұрар деймісің. Ізгі ниетіңнен аттап кетіп жатпай ма?

– Батыр құстар ғой, өз ажалынан бір бүркіт өлмеген шығар. Әлі жетпесе, иесі байқамаса қасқырға түсіп жазым болады. Иесі баптап күтіп ұстаса екі-



үш ұрпаққа жетеді дейді. Е, жарайды деп жөнсіз қоя берсең бірде болмаса бірде жазым болады, тентек жігіт сияқты ғой бірдемеге ұрынып жүретін. Ертеде Шайман деген бүркітші болыпты. Бүкіл Сарыарқаға аты шықан. Сол кісінің бүркіті бір түскенде екі қасқыр алыпты. Ол былай болса керек. Шайман аңға шығып құсын аспанға шығарса өзгелердің бүркіті жерге отырады екен. Қайраты айбарлы болып тұрғаны деп біліңіз. Бірде «Қалмақты қырған» деген жерде біразға дейін аң көрінбейді, бірақ Саршолақ құсы далбаңдап сұрана береді. Сосын аңшы жолдастары «Шайман, құсың бірдеме сезіп тұр жібер» дейді. Ақпан айы қасқырдың қарығатын кезі. «Саршолақ» бүркіт екі қасқырды бүктемей ме. Біреуін тұмсықтан, екіншісін екінші саусағымен тыпырлатып жатқанда Шаймандарда жетіп үлгереді. Жалма-жан қанжармен қасқырларды жарып бүркітті де құтқарады. Сонда жанында болған бір жолдасы «қайран Сарышолағым-ай» деп бүркітті сүйді деседі. Шайманнан басқа кісінің бүркіті қасқырға түсті дегенді естімеппін.

– Біздің қазақ ұлтында тіл-көзден сақта деп сұлу қыздарды, жүйрік атын, бүркітін үкілеп қояды. Төлеген сенің бүркітің де үкілеулі екен, мен де қайығыма үкі тағатын шығармын, – деді де Тазша: «Төлеген талай жылғы жан азабым, кей сәтте рахатым болған құпиялы қызметім еді. Бұл қайыққа самолеттің моторын орнаттым, ұшып барып құлап кететіндей ақаулығы жоқ. Содан кейін әлем халқына бақытсыздық үрейін туғызып отырған жарылғыштарды залалсыздандыратын рентген аппараты, электромагниттік толқындар тізбегі орналасқан жабдық бар. Қандай да терроршы, лаңкестығылып тұрып жарғышын жарып адамдарды қырып сала алмайды. Бірақ, мұның иненің жасуындай ұсақ тетігін қолмен іске асыру қиын. Сондықтан мына бүркітіңнің тұмсығымен шапшаң шұкитындай тетік керек.

– Атом станцияларындағы көзге ілінбейтін тетіктерді кептер іске қосады деп ақпараттан оқыған едім. Бүркіт тұз тағысы ырыққа көне қоймас.

– Бүркітті үйреткенде кептердің де тілін оңай табарсың. Әлемдік көрме өткенше әлі екі жыл бар. Австралияның маймылы трактор айдап жүргенде біздің құстарымыз көрме аспанында қауіпсіздік қызметін менің қағаз қайығымның үстінде отырып басқарып жүрсе, құстың нәзік дыбыстары сұңқылдаған сайын Абайдың ұлағатты сөздері бірінен соң бірі нұр төгіп, нарттай қызыл түспен жарқырап көрініп жатса ұлы халықтың ұлылығы, ғылымының құдіреті деп жұмыр жер халқы таңғалар еді. Адал қызметінен зерікпейтіндер үйренсін, – деді де Тазша термелеп:

«Көргеннен көз ақы алады»,
Кейбірі жақсылық жолын табады,
Меніреу, мәнгүрт адасып қалады.

Ұлылық идея тегін емес,
Үйренуші бағалап тұрады.
Түсінбейтін бейшара,
Бетімен ләйліп лағады.

Қолайлы ғылымдық пікіріміз,

Аспан астын кезіп таралсын» – деген кезде сөзге араласқан Ақтай: «Мынадай құрал жабдық, жаңалықтарыңның құны қанша болар екен. Байлардың мейірімі түсер ме?» – деп еді.

– Байда қолқайыр, мейірім болса байымайды, тақыр кедейге айналып шыға келеді.

– Жоғарыда адамның миында радицияның әсері бар дедік. Соның кесірінен кейбір пенде ұятарды ұмытып қалады. Бұл қағаз қайықта тағыда құпия жабдықтар болғандықтан байлардың шексіз байлыққа жеткесін миында сәбилік пәк кезін шырт ұйқыдан оятып бүкіл қазынасын халыққа өсиеттеп береді де азаматтық қоғамда жүздеген еселеп қымбаттап жататын шаруалар тегіндікке айналады. Сонда жұмыр жердегі қатерлі лаңкестік те сап тиылады. Халықтың жан сарайы тәтті сезіммен ажарланып, зұлымдықтың жынды құйыны, жемқорлықтың сыбайластық ұйымы жойылып, пенденің көз жасы құрғайды. Түйіндеп айтқан әлем халқы және билеушілері Абайдың: «Адам болып келу оңай, адам болып кету қиын» деген сөзін ми қауашағына қондырып тәубасына келеді.

– Жойқын жалмауыздыққа да тоқтам болады десеңші, – деп ауылдан келген жүдеу Ақтай күлімсіреді әйелі ұл тапқандай қуанып.

– Қазақта жарылмайтын тас жоқ, суламайтын құдық жоқ дегеніндей бәрінің де ақыры бар десеңші.

– Алыстан ойлап түсінгенге бұлтартпайтын ақиқат келе жатыр... Төлеген мырза тездетіп қағаз қайықтың көзге іліне бермейтін тетіктерін іске қосатын кептерлерді үйретіп шығар, – деп Тазша қазақтың жүрегінде әлем ұғынатын кереметтер барлығына ақылы жетіп тұрғанын жалт еткен жанарынан сездірді.

